

Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы " шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2016 жылғы 22 қыркүйектегі V сессиясының № 5/52 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 11 қазанда № 3982 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 2023 жылғы 22 желтоқсандағы № 12/74 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Приозерск қалалық мәслихатының 22.12.2023 № 12/74 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Приозерск қалалық мәслихатының 2014 жылғы 25 маусымдағы XXXIV сессиясының № 34/238 "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2690 тіркелген , 2014 жылғы 25 шілдедегі № 30/363 "Приозерский вестник" газетінде, 2014 жылғы 29 шілдедегі "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің Приозерск қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

6 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын

"6. Әлеуметтік көмек көрсету үшін атаулы күндер мен мереке күндерінің тізбесі

- 1) 1-2 қаңтар – Жаңа жыл;
- 2) 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні;
- 3) 21-23 наурыз – Наурыз мейрамы;
- 4) 9 мамыр – Жеңіс күні;
- 5) 6 шілде – Астана күні;
- 6) 30 тамыз – Конституция күні;
- 7) 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні".

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

КЕЛІСІЛДІ:

"Приозерск қаласының жұмыспен

қамту және әлеуметтік бағдарламалар

қамту және әлеуметтік бағдарламалар

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

А. Ким

"22" қыркүйек 2016 жыл

С. Попченко

Б. Сәрсембеков